

Жаңаөзен қаласы бойынша жер участекелері құнының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және бағалық аймақтарға бөлу шекаралары туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 12 ақпандағы N 4/62 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 13 наурызда N 2004 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 29/355 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2010.12.13 N 29 / 355 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8, 11-баптарына сәйкес облыстық мәслихаттың **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Жаңаөзен қаласы бойынша жер участекелері құнының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және бағалық аймақтарға бөлу шекаралары 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. "Жаңаөзен қаласы бойынша жер участекелері құнының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және бағалық аймақтарға бөлу шекаралары туралы" облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 11 желтоқсандағы N 3/31 шешімі жойылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

К. Үйсінбаев

Облыстық мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

" К Е Л И С И Л Д И "

О б л ы с т ы қ ж е р қ а т ы н а с т а р ы

б а с қ а р м а с ы н ы н ы б а с т ы ф ы

" ____ " 2008 ж.

Облыстық мәслихаттың 2008 жылғы

12 ақпандағы N 4/62 шешіміне

1-қосымша

Жаңаөзен қаласы бойынша жер участекелері құнының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және бағалық аймақтарға бөлу шекаралары

Аймақтар N	Аймақта кіретін шағынаудандар және басқа да әкімшілік құрылымдар	Орта коэф.
I	Қаланың "Шаңырак", "Шұғыла", "Самал", "Көктем", "Өркен" және "Мұнайлы" шағынаудандары	2,0
II	Қаланың "Арай", "Арай-2", "Рахат", "Рахат-2", "Астана" шағынаудандарының тұрғын үй секторы мен Тенге поселкесі	1,6

III	"Рахат-3" шағынауданының тұрғын секторы, Қызылсай селосы	1,2
IV	Өнеркәсіптік аймақ	0,8
V	Ауыл шаруашылық мақсаттағы және басқа да тәртіпте пайдаланылатын жерлер	-

Аймақтардың сипаттамасы

А й м а қ I

Селитебті, негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, балалар бақшасы, спорт мектебі, мәдениет үйі, байланыс үйі, кітапхана, емхана, аурухана кешені, мешіт, базар, қонақ үйлер, дүкендер, кафе, мейрамханалар орналасқан қаланың көп қабатты тұрғын үйлерін қамтитын "Шаңырақ", "Шұғыла", "Самал", "Көктем", "Өркен", "Мұнайлы" шағынаудандары кіреді. 1- аймақта су, газ, электр жүйелері, канализация орталықтандырылған.

А й м а қ II

Селитебті, қалаға жақын орналасқан жеке тұрғын үйлер секторын қамтитын қаланың "Арай", "Арай-2", "Рахат", "Рахат-2", "Астана" шағынаудандары және Тенге поселкесі кіреді. Екінші аймақтағы шағынаудандарда жалпы білім беретін мектептер мен дүкендер орналасады. Тенге поселкесінде әкімшілік құрылымдар ғимараттары, жалпы білім беретін мектептер, мәдение үйі, пошта, дүкендер орналасады. Бұл аймақта кей жерлерде орталықтандырылған су жүйесі, канализация бар. Тұрғын үй секторы газ және электр жүйесімен қамтамасыз етілген.

А й м а қ III

Селитебті, жеке тұрғын үй құрылышына арналған аймақ, оның ішінде жер участкелері жаңадан беріліп жатқан "Рахат-3" шағынауданы және Қызылсай селосы кіреді.

А й м а қ IV

Өнеркәсіптік аймақ

А й м а қ V

Ауыл шаруашылық мақсаттағы және басқа да тәртіпте пайдаланылатын жерлер.

Облыстық	мәслихаттың	2008	жылғы
12	акпандары	N	шешіміне
2 - қосынша		4/62	

(2-қосымшаның суретін қағаз мәтінінен қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК